



**БҰЙРЫҚ**

*2023 ж. 20 желтоқсан*  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *1480*  
город Астана

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының директорлар  
кеңесінің кейбір мәселелері туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № КГИП-03-КГ/8646 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) директорлар кеңесінің сандық құрамы 6 (алты) адам болып белгіленсін.

2. Қоғамның директорлар кеңесінің құрамына Шөжеева Әзиза Темірқызы – «Techpowomen» коммерциялық емес ұйымының президенті, тәуелсіз директор (келісім бойынша) сайлансын.

3. Әзиза Темірқызы Шөжееваның өкілеттік мерзімі Қоғамның директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімінің аяқталуымен айқындалсын.

4. Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті осы бұйрықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



*СН*

С. Нұрбек